«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
ПО ОБЛАСТИ ҰЛЫТАУ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

100600, Ұлытау облысы, Жезқазған қаласы, Алаш алаңы, 1 ғимарат
тел./

100600, область Ұлытау, город Жезказган, площадь Алаша, здание 1
тел./

№

№ 01--/638-И от 16.05.2024

«Производственное объединение «Өрлеу-сапа» ЖШС

Шымкент қаласы, Наурыз мкр, 564

Ұлытау облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті *(бұдан әрі – Департамент)*, 2024 жылғы 29 сәуірдегі №217823, №11909992-1 *«Оқушыларды және аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету бойынша қызметтері»* мемлекеттік сатып алу бойынша өтінішін қарап төмендегіні хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу, *(бұдан әрі – Қағида)*, қағидаларының 64-тармағына сәйкес конкурстық комиссия конкурс қорытындылары туралы хаттаманы қалыптастыру кезінде конкурсқа қатысуға бір өтінім ұсынылған жағдайларды қоспағанда, конкурсқа қатысуға өтінім берген әрбір әлеуетті өнім берушіге қатысты Үлгілік конкурстық құжаттамаға 7, 8-қосымшаларға сәйкес өлшемшарттарға сәйкес балл қояды.

Үлгілік конкурстық құжаттаманың 7-қосымшасының 1-тармағына сәйкес, *«Қызмет көрсету нарығында тиісті аймақта өткен 7 жылдағы жұмыс тәжірибесі (5 балдан артық емес)»* өлшемшарты бойынша ұпай саны келесідей: 0 ұпай - әлеуетті өнім берушінің көрсетілген аумақта қызмет көрсету нарығында жұмыс тәжірибесі жоқ - 0 балл, әлеуетті өнім берушінің көрсетілген аумақта мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша жұмыс тәжірибесі – әр 8 айға 1 балдан, әлеуетті өнім берушінің көрсетілген аумақта басқа

Мұратов Асылхан Дастанұлы 16.05.2024 15:39
Дата: 16.05.2024 15:39. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.20.1. Положительный результат проверки ЭЦП

қоғамдық тамақтану объектілерінде тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша жұмыс тәжірибесі – әр 12 айға 1 балдан қолданылады делінген.

Сонымен қатар, үлгілік конкурстық құжаттаманың 7-қосымшасының ескертпесіне сәйкес, орта мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша бұрын жасалған шарттардың көшірмелерімен, осы шарттардың орындаудың әрбір айы үшін көрсетілген қызметтер актілерімен және шот-фактуралармен, мемлекеттік заңды тұлғалардың асханаларын мүліктік жалдау *(жалға беру)* шарттарының көшірмелерімен расталады.

Шартта *(қосымша келісімде)* көрсетілген жазғы каникул айларында *(маусым-тамыз айлары)* қызметтер ұсынылған жағдайда, осы айлар үшін көрсетілген қызметтер актілері мен шот-фактуралар қосымша ұсынылады

Әлеуетті өнім берушілер «Дюмкулова» ЖК, «Суханова И.А.», «Мухамеджанов Н А» ЖК өтінімдері бойынша.

Мемлекеттік сатып алу веб-порталын зерделеу барысында, конкурстық комиссиямен әлеуетті өнім берушілер «Дюмкулова» ЖК, «Суханова И.А.», «Мухамеджанов Н А» ЖК *«Қызмет көрсету нарығында тиісті аймақта өткен 7 жылдағы жұмыс тәжірибесі»* өлшемшарты бойынша 5 балл негізді қолданылған, себебі өтінім құрамында білітілік туралы мәліметтерінде мәлімделген жұмыс тәжірибелері Үлгілік конкурстық құжаттамаға 7-қосымшаның талаптарына сәйкес растайтын құжаттар берілген.

Әлеуетті өнім беруші «Производственное объединение «Өрлеу-сапа» ЖШС өтінімді бойынша.

Үлгілік конкурстық құжаттаманың 7-қосымшасының ескертпесіне сәйкес, конкурс өткізілетін тиісті аймақта басқа қоғамдық тамақтану объектілерінде тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша:

басқа қоғамдық тамақтану объектілерінде тамақтандыруды ұйымдастыру кезінде әлеуетті өнім берушінің атына берілген объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыны қоса бере отырып, қоғамдық тамақтану объектісіне құқық белгілейтін құжаттардың көшірмелерімен *(жекеменшік, (меншік құқығын растайтын құжаттар қоса берілсін),* жалдау, өтеусіз пайдалану, сенімгерлік басқару және т.б. *(жалға берушінің меншік құқығын растайтын құжаттар және т.б. қосымша қоса берілсін)* расталады делінген.

Конкурстық комиссиямен әлеуетті өнім беруші «Производственное объединение «Өрлеу-сапа» ЖШС *«Қызмет көрсету нарығында тиісті аймақта өткен 7 жылдағы жұмыс тәжірибесі»* өлшемшарты бойынша 0 ұпай негізді қолданылған, себебі білітілік туралы мәліметтерінде мәлімделген 2018-2022 жылдар аралығындағы жұмыс тәжірибесінде тамақтану объектілерінде тамақтандыруды ұйымдастыру кезінде әлеуетті өнім берушінің атына берілген объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының жоқтығы анықталды.

Бұдан бөлек, үлгілік конкурстық құжаттаманың 7-қосымшасының 3-тармағына сәйкес, *«Аспаздың еңбек өтілі 1 жылдан кем емес (4 балдан аспайды)»*

Мұратов Асылжан Дастанұлы 16.05.2024 15:39

Дата: 16.05.2024 15:39. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.20.1. Положительный результат проверки ЭЦП

өлшемшарты бойынша ұпай саны келесідей: жоқ *(0 балл),* бар *(бір аспазға 1 балл)* қолданылады делінген.

Үлгілік конкурстық құжаттаманың 7-қосымшасының ескертпесіне сәйкес, 3-тармақ бойынша жұмыс өтілі болған кезде қызметкердің еңбек өтілін растайтын құжат аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірменің немесе жүргізілген әлеуметтік аударымдар туралы Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан алынған мәліметтердің электрондық көшірмесі және Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 35 бабының 1), 2), 3), 4), 5) және 8) тармақшаларында көзделген құжаттардың бірі болып табылады. Бұл ретте қызметкердің еңбек өтілі соңғы бес жылда ескеріледі.

Әлеуетті өнім беруші «Производственное объединение «Өрлеу-сапа» ЖШС *«Аспаздың еңбек өтілі»* өлшемшарты бойынша конкурстық комиссиямен 0 ұпай негізді қолданылған, себебі білітілік туралы мәліметтерінде мәлімделген Алтекова Л.А. және Байтөреев Ш.Қ. зейнетақы жарналары туралы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірменің немесе жүргізілген әлеуметтік аударымдар туралы Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан алынған мәліметтердің электрондық көшірмелерінің жоқтығы анықталды және мәлімделген Уразметов Ж.Ж., Рысбекова еңбек өтілімінің соңғы бес жылдағы растайтын құжаттың жоқ екені анықталды.

Сонымен қатар, үлгілік конкурстық құжаттаманың 7-қосымшасының 2-тармағына сәйкес, *«Аспаз біліктілігі берілген (қоғамдық тамақтандыру саласында) арнайы орта білімі (2007 жылғы 27 шілдеге дейін білімі туралы құжатты алған жағдайда) немесе техникалық және кәсіптік, жоғары білімі бар аспаздың болуы (білім беру ұйымдарында 1300-ге дейін білім алушы болған кезде - 6 балдан аспайды,*

- білім беру ұйымдарында 1301 және одан да көп білім алушы болған кезде - 10 балдан аспайды)» өлшемшарты бойынша ұпай саны келесідей: Арнайы орта білімі *(білім туралы құжатын 2007 жылғы 27 шілдеге дейін алған жағдайда)* немесе техникалық және кәсіптік білімнің, 3 разрядтың болуы *(1 балл),* Арнайы орта білімі *(білім туралы құжатын 2007 жылғы 27 шілдеге дейін алған жағдайда)* немесе техникалық және кәсіптік білімнің, 4 разрядтың болуы *(2 балл),* Арнайы орта білімі *(білім туралы құжатын 2007 жылғы 27 шілдеге дейін алған жағдайда)* немесе техникалық және кәсіптік білімнің, 5 және одан жоғары разрядының және *(немесе)* жоғары білімнің болуы *(3 балл)* қолданылады делінген.

Ұйымдастырушымен көрсетілетін қызметті алушылар санатының тізбесінде мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен тамақтанатын тәрбиеленушілер мен білім алушылардың санының 1300 ден аспайтыны анықталды *(1-4 сынып арасында 238, 5-11 сыныптардағы аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету бойынша 23).*

Осыған орай, конкурстық комиссиямен әлеуетті өнім беруші «Производственное объединение «Өрлеу-сапа» ЖШС *«Аспаз біліктілігі»* өлшемшарты бойынша 6 ұпай негізді қолданылған.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отыра, Департамент тарапынан ден қою шараларын қабылдауға негіздің жоқтығын хабарлайды.

Уәкілетті органның шешімімен келіспеген жағдайда, Сіз оған Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексінің 91-бабына сәйкес шағымдануға құқылысыз.

Мұқатов Асылхан Дастанұлы 16.05.2024 15:39

Дата: 16.05.2024 15:39. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.20.1. Положительный результат проверки ЭЦП

Басшының орынбасары **Д. Байқожаев**

Орынд: Мұқатов А.Д.
Тел.+77102 721247

Подписано
16.05.2024 15:30 Байқожаев Дәурен

Мұқатов Асылхан Дастанұлы 16.05.2024 15:39

Дата: 16.05.2024 15:39. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.20.1. Положительный результат проверки ЭЦП

Тип документа	Исходящий документ
Номер и дата документа	№ 01--/638-И от 16.05.2024 г.
Организация/отправитель	РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО ОБЛАСТИ ҰЛЫТАУ КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»
Получатель (-и)	ДРУГИЕ
Электронные цифровые подписи документа	Республиканское государственное учреждение "Департамент внутреннего государственного аудита по области Ұлытау Комитета внутреннего государственного аудита Министерства финансов Республики Казахстан" Подписано: БАЙҚОЖАЕВ ДӘУРЕН MIITYAYJ...L99tWPJ4= Время подписи: 16.05.2024 15:30
	Республиканское государственное учреждение "Департамент внутреннего государственного аудита по области Ұлытау Комитета внутреннего государственного аудита Министерства финансов Республики Казахстан" ЭЦП канцелярии: ЕРЖАН МЕДИНА MIIThgYJ...s62r7dg== Время подписи: 16.05.2024 15:37

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», удостоверенный посредством электронной цифровой подписи лица, имеющего полномочия на его подписание, равнозначен подписанному документу на бумажном носителе.

Мұқатов Асылхан Дастанулы
.39

Дата: 16.05.2024 15:39. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.20.1. Положительный результат проверки ЭЦП